



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№

№ 15.05.2020

**Тұрақты комиссияның  
2020 жылғы 15 мамырдағы  
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласында  
отбасылық және гендерлік  
саясатты іске асыру туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласында отбасылық және гендерлік саясатты іске асыру туралы» баяндаманы тыңдап, талқылағаннан кейін қалалық атқарушы органдар елордада гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыруды қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде жұмыс жасап жатқандығын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жергілікті бюджеттен қаржы қаражаттары көзделген.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Отбасы құндылықтарын насихаттау арқылы отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту және гендерлік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды өткізу» жобасы іске асырылды. Гендерлік бағытталған семинарлар мен тренингтер, отбасының мәртебесін көтеру және отбасылық құндылықтарды насихаттау бойынша семинарлар өткізілуде.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдермен жұмысты тікелей ұйымдастыруға үлкен мән беріледі, оның барысында зорлық-зомбылықтың себептері мен жағдайлары анықталып, оларды жою бойынша шаралар қабылданады.

2019 жылы «Senim» татуластыру орталығы, медиация орталығы және «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы ашылды. Орталықтар қала халқына көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді біріктіреді, мұнда олар медиацияның екі тарапына да көмектеседі, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және тараптардың таластары деңгейін төмендету арқылы дауларды шешуге қол жеткізу үшін отбасылармен жекелеген жұмыс жүргізеді. Орталықтарда жұмыс тәжірибесі бар білікті заңгерлер, психологтар мен медиаторлар жұмыс істейді.

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында 2 дағдарыс орталығы жұмыс

істейді, 25 төсек-орыны бар «Адам саудасы құрбандарының уақытша тұратын және оларды оңалту орталығы». Қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдер үшін 2013 жылдың қараша айынан бастап 50 төсек-орыны бар, тәулік бойы сенім телефоны жұмыс істейтін «Үміт» дағдарыс орталығы орындық жұмыс істейді. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдерге және жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарына тегін заңгерлік және психологиялық кеңес беретін республикалық Call-орталықтар бар.

Жұмыссыздарды, соның ішінде әйелдерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша мынадай шаралар қабылдануда: жұмыспен қамту, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыссыздарды оқыту.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі топ қызметкерлері «қорғаныс бұйрығы» шығарылған адамдарды бақылау тәжірибесін енгізді, нәтижесінде құқық бұзушылар анықталуда, отбасы және тұрмыстық қатынастар саласындағы заңсыз әрекеттері үшін жауапқа тартылуда, сот құқық бұзушылардың жүріс-тұрыстарына ерекше талаптар қоюда.

2019 жылдың басынан бастап қаланың көшелері мен аялдамаларына сенім телефондары мен дағдарыс орталықтары туралы мәліметтер бар ақпараттық тақталар орнатылды, бейнероликтер де түсіріліп және көрсетіле бастады.

Отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарына сәйкес жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі. Арнайы комиссия отырысы өткізіліп, жеңімпаз отбасылар анықталады.

2019 жылдың 1 тамызында отбасы институтын қолдау мақсатында Тәуелсіздік сарайында Нұр-Сұлтан қаласы отбасыларының форумы өтті.

Әлеуметтік саладағы әкелердің рөлін күшейту мақсатында елордада «Әкелер кеңесі» қозғалысы жұмыс істейді. Бұл ұйым жанжалды жағдайларды шешуге, әңгімелер жүргізуге, қиын жасөспірімдермен жұмыс жасауға, ағаш отырғызуға және жөндеу жұмыстарына көмектесуге белсенді қатысады. Бұл балаларға жағымды әсер етеді, ал қиын жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлық азаяды.

2019 жылдың көктемінде «елордалық» әкелердің мектепшілік және аудандық слеттері ұйымдастырылды, оған қаланың барлық білім беру мектептері қатысты.

2018-2019 оқу жылынан бастап білім беру мектептерінің 8-10 сынып оқушылары мен колледждердің бірінші курс студенттері «Денсаулық және өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу» бағдарламасымен қамтылған («Bilim Foundation» ҚҚ).

Қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыру үшін елордалық көшбасшы әйелдер мектебі құрылды, оның аясында отбасылық құндылықтар мен әйелдердің қоғамдағы іскерлік белсенділіктерін қалыптастыруға бағытталған

кездесулер ұйымдастырылды.

Тұрақтыкомиссия отбасыларды нығайту және қорғау, оның жан-жақты дамуына, ана мен баланы қорғауға қажетті жағдайларды жасау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, одан әрі жетілдіруді талап ететін мәселелер де бар екендігін атап өтті.

Елордада карантин кезеңінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының саны артты. Бұл проблема жан-жақты шешуді талап етеді және оң нәтижеге мемлекеттік органдар мен азаматтық сектордың күш-жігерін біріктіру арқылы қол жеткізуге болады.

Есепті кезеңде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында ҚР ӘҚБК 73-бабы бойынша 869 құқық бұзушы жауапқа тартылды (2018 жылы –868), өсім 0,1% құрады. Бұзушыларға қатысты 6706 қорғаныс бұйрығы шығарылды (2018 жылы –4797), өсім 28,5% құрады.

Кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың ажырасу үлесі өсті, ал некесіз бала туу үрдісі көбеюде.

2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген некелер саны 11 408 құрады, 4 051 неке бұзылды.

Сонымен қатар, жастар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау тәуекелі де алаңдатады.

2020 жылдың ағымдағы кезеңі ішінде суицидке қатысты 11 оқиға тіркелді, оның ішінде 10–өзін-өзі өлтіруге әрекет, 1 – өзіне-өзі қол жұмсау мен аяқталды.

Нұр-Сұлтан қаласында және жалпы Қазақстанда жасөспірімдердің жүктілігі мәселесі өзекті болып қала береді. Тек 2019 жылы елордада 17 жүкті қыз тіркелді. Жасөспірімдердің жүктілігі проблемасы ата-аналар мен қыздар арасындағы сенімділіктің төмендігімен, сондай-ақ өзін-өзі тану деңгейінің төмендігімен және зорлық-зомбылыққа қарсы тұра алмайтын әлеуметтік жағынан қолайсыз ортаның болуымен байланысты.

Қазіргі жағдайды талдау отбасы институтын, отбасылық құндылықтарды нығайту, әкелер, аналар, аға буын мәртебесін көтеру, олардың бала тәрбиесі мен дамуындағы рөлін күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Мәселені талқылау барысында мәслихаттың бейінді тұрақты комиссиясы елордада гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асырудағы кемшіліктерді атап өтті, яғни жауапты мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы бойынша жүйелі жұмыс жүргізілмейді, жекелеген мемлекеттік органның әкімшілігі бұл мәселеге жауапты. Құрылған орталықтармен, уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жоқ, орталықтаржұмысына талдау жасалмайды. Бұл бағытта жұмыс жасайтын қоғамдық ұйымдар жеткіліксіз. Елордада қиын жағдайға тап болған қыздарға арналған орталық жоқ. Мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығы мен оны бақылау үшін халықтың барлық топтарының мүдделерін ескеретін гендерлік бюджеттеу бойынша пилоттық жобаны іске қосу қажет.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы

мәслихатының әлеуметтік –мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласында отбасылық және гендерлік саясатты іске асыру туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

Нұр-Сұлтан қаласында отбасын жан-жақты дамытуға, ана мен баланы қорғауға, гендерлік қатынастарды қорғауға қажетті жағдай жасау үшін отбасын нығайту және қорғау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды насихаттауға, репродуктивті денсаулықты нығайтуға, сондай-ақ гендерлік теңдікті қолдауға бағытталған қалалық әлеуметтік жобалардың толық орындалуын қамтамасыз ету;

елордада гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыруды үйлестіру үшін қала әкімдігі жанынан жеке құрылымдық бөлімше құру туралы мәселені пысықтау;

келесі жылғы елорда бюджетіне салалық немесе аумақтық қағидатпен қала аудандарында гендерлік бюджеттеу бойынша пилоттық жобаны енгізу;

қалалық мәслихат депутаттарының ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласында отбасылық және гендерлік саясатты іске асырудың бірыңғай жұмыс жоспарын әзірлеу;

әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламаларын әзірлеу;

қиын жағдайда қалған жасөспірім қыздарға арналған орталық құруды қарастыру;

тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда қоғамдық ұйымдардың, қоғамдық кеңестердің, соның ішінде әкелер, аналар, ақсақалдар кеңестерінің рөлін күшейту;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Үміт» дағдарыс орталығы» КММ-де білікті психотерапевт, заңгер және теолог мамандардың санын арттыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының ішкі саясат басқармасы» ММ «Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы» ММ бірлесіп:

қоғамда гендерлік теңдікті, жоғары моральдық ережелерді, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру үшін тиімді қызметті қамтамасыз етсін;

оқу-тәрбие беру процесі аясында елорданың оқу орындарында құзырлы әлеуметтік қызметкерлердің, ішкі істер қызметкерлерінің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен отбасылық құндылықтар, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы сынып сағаттары өткізілуін қамтамасыз етсін;

отбасы мен қоғамдағы отбасылық құндылықтар мен гендерлік теңдікті насихаттау, мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру туралы материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды арттырсын.

4. ҚР ІІМ «Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесіне:

әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты болғызбау мақсатында халықты құқықтық тәрбиелеу бойынша шараларды

іске асыру жөніндегі жұмысты жандандыру;

кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтарға, қоғамға қарсы әрекеттерді немесе балаларға қарсы басқа да заңсыз әрекеттерді жасауға итермелейтін тұлғаларды анықтау жөніндегі жұмысты күшейту;

мүдделі органдармен бірлесіп зорлық-зомбылықтың алдын алу және балалар мен әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында балалар үйлеріне, интернаттарға және басқа мекемелерге жүйелі түрде барып тұру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының  
төрағасы**



**М. Шайдаров**